

Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 495 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5962 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 290 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Қазынашылық комитеті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2009 жылғы 16 қарашадағы
N 495 бұйрығымен бекітілген

Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Ескерту. 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 37, 39, 52-тармақтардың екінші абзацындағы "510" деген сан "600" деген санмен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 122-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бюджеттік есепке алуды жүргізудің тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы өз жұмысында осы Қағидаларды басшылыққа алады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

3. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның іске асыратын бюджетті атқару жөніндегі барлық операцияларының бюджеттік есепке алу шоттарында көрсетілуін бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің жасалуын қамтамасыз етеді және бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 508 бұйрығымен.

4. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына қайшы келетін және қаржылық тәртіпті бұзатын операциялар бойынша құжаттарды орындауға және ресімдеуге қабылдамайды.

5. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы есепке алуды жүргізу кезінде бюджеттік есепке алу бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелердің

қызметкерлері үшін қызметтік міндеттерді анықтайды және олардың орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Есепке алудың құжаттары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Аумақтық қазынашылық органдары қағаз тасығышта беретін және уәкілетті органның қол қоюын көздейтін бюджеттік есепке алу құжаттары бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысының және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесі басшысының немесе олар өкілдік берген тұлғалардың қолдарымен ресімделеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларының 68-тармағына сәйкес орнатылған және 113, 114, 115, 116-тармақтарына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қазынашылық органдарының ұсынған бастапқы есепке алу құжаттарындағы айналымдардың көрсетілуінің дұрыстығын және тиісті бюджеттердің ҚБШ қалдықтарын тексереді, содан кейін орындауға және есепке алуға қабылдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

7-1. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын күнделікті есепке алу үшін аумақтық қазынашылық органдары бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға электрондық тасығыштарда тиісті жергілікті бюджет бойынша жиынтықта 5-34А "Ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-дағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы қалдықтар туралы есеп" нысанын ұсынады.

Ескерту. Ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7-2. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар 2-19, 5-20, 5-34, 5-34А, 5-52 есептілік нысандары бойынша бір күндегі айналымды салыстыруды іске асырады:

5-34, 5-34А нысандары бойынша есептің "Кіріс қалдық", "Дебет", "Кредит", "Шығыс қалдық" бағандары бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі жалпы сомасы 5-20 нысаны бойынша есептің "Кіріс қалдық", "Дебет", "Кредит", "Шығыс қалдық" бағандарының "Жиыны" жолының бір күндегі жалпы сомасына тең болу керек;

5-20 нысаны бойынша есептің "Дебет" бағаны бойынша "Кірістерді бөлу" және "Кредит" бағана бойынша "Кірістерді бөлу" жолдары сомалары айырмасының бір күндегі сомасы 2-19 нысаны бойынша есептің осы бюджеттің бір күндегі түсімдерінің сомасын көрсететін бағандағы тиісті бюджет жолындағы сомаға тең болуы керек;

тиісті бюджеттің 5-34 нысаны бойынша есептің "Шыққан қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолы сомасы "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" 2-19 нысаны бойынша есептің тиісті бюджеттің (тиісті бюджеттің жыл басынан бастап түсімдері) бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасы және 5-52 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны бойынша есептің "Жыл басынан бастап шығыстар" бағаны бойынша "Есеп бойынша барлығы" жолының сомасы айырмасына сәйкес келуі тиіс;

5-34 нысан бойынша есептің "Кіріс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі сомасы алдыңғы операциялық күннің 5-34 нысаны бойынша есептің "Шығыс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасына сәйкес келуі керек.

Ескерту. Ереже 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2011.12.28 № 668 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

3-тарау. Бюджеттің атқарылуын есепке алу тіркелімдері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу мынадай есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі:

осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Бас-журнал" кітабы;

осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоты бойынша мемориалдық ордер;

осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемориалдық ордер;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, нысаналық қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор), Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотын, Арнаулы мемлекеттік қор шоты, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты, Еуразиялық экономикалық одақтың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары, мемлекеттік сатып алу шоттарын, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотын, соманы анықтауға дейінгі шотты, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотын есепке алуға арналған);

осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша БҚШ-тан салымдарға (депозиттерге) орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жергілікті бюджеттерден депозиттерге орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары бойынша сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес № 1 нысан бойынша Қазынашылық комитетінің балансы;

осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес № 1-М нысан бойынша Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы;

осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес № 2 нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес № 3 нысан бойынша Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлері бойынша қарыздары туралы есеп;

осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес № 5 нысан бойынша Мемлекеттік сыртқы қарыздар және байланысты гранттар бойынша есеп;

осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің жұмсалыуы жөніндегі ақпарат;

осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің аккредитивтер сомаларын есепке алу үшін шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер;

осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес № 6 нысан бойынша шетел валютасы шоты бойынша операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес № 2-М нысан бойынша жергілікті бюджеттің ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шетел валютасы түрлері бойынша шоттардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ҚБАЖ) операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық жобалар шегінде сыртқы қарыздар және байланысты гранттардың жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттан Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне (бұдан әрі – Ұлттық банк) орналастырылған уақытша бос бюджеттік қаражаттар (депозиттер) бойынша анықтаманы есепке алу;

осы Қағидалардың 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджеттен берілген кредит бойынша ақпарат.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті үшін (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) құрылымдық бөлімшелердің осы Қағидалардың 12, 14, 15, 16, 17, 23, 24-қосымшаларына сәйкес есептері республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын есепке алудың бастапқы құжаттары болып табылады.

Есепке алынған бастапқы құжаттар алынғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей бір күндегі барлық операциялар бойынша мемориалдық ордермен ресімделеді және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есепке алу жөніндегі бөлімшенің басшысы қол қояды.

Сыртқы қарыздар бойынша есеп операциялардың өтуіне байланысты жүргізіледі.

Бастапқы құжаттардағы жазбалар оларда жазбалардың ұзақ уақыт бойы сақталуын қамтамасыз ететін жазба құралдарымен ғана жүргізілуі тиіс.

Мемориалдық ордерлер есепке алу тіркелімдеріне жазылғанға дейін әрбір ай үшін жеке тізбектік тәртіппен бірінші нөмірден бастап нөмірленеді.

Таратып жазулар, ақшаларды салымдарға (депозиттерге) орналастыру немесе салымдардың (депозиттердің) негізгі сомасын қайтару жөніндегі операциялар жүргізілгеннен кейін қалыптастырылатын депозиттердің орналастырылған сомаларын қоспағанда, күн сайын қалыптастырылады және мемориалдық ордерлердің қосымшасы болып табылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

10. "Бас-журнал" кітабында бюджеттердің атқарылуының бюджеттік есепке алудың қосалқы шоттары бойынша хронологиялық және жүйелік жазбалары біріктіріледі.

Жаңа қаржы жылына арналған кітапты ашу кезінде бірінші жол бойынша өткен жылғы қосалқы шоттар бойынша қалдықтар сомасы жазылады. Баланс активінің сомалары дебетке, ал пассив сомалары - кітаптың тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазылады.

Жекелеген қосалқы шоттар бойынша жылдың басындағы қалдықтар талдамалы есепке алу тіркелімдерінде жылдың басындағы жазбаларға сәйкес келуі тиіс.

"Бас-журнал" кітабына жазбалар мемориалдық ордердің және оны толтыруға негіз болып табылатын, оған қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

"Бас-журнал" кітабында бір айдағы айналымдардың жалпы қорытындысы есептеледі және барлық қосалқы шоттар бойынша келесі айдың басындағы дебет немесе кредит қалдықтары шығарылады.";

"Бас-журнал" кітабында шығарылған қосалқы шоттар бойынша сомалар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қоятын ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі және есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша баланс жасалады.

Алдағы жылға арналған есепке алу тіркелімдері ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірілмей дайындалады.

Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, нысаналы қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау

жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы, Арнаулы мемлекеттік қор шоты, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты, Еуразиялық экономикалық одақтың шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы, шетел валютасының шоттарындағы, соманы анықтауға дейінгі шоттардағы, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, есеп айырысулардағы ақша бойынша, жергілікті бюджет жетіспеушіліктері бойынша (бұдан әрі – ЖБ), Ұлттық Банктің салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттерін атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттердің ҚБШ, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың тиісті ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы, тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоттарындағы ақшаның қалдықтарын көрсетеді.

Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі.

№ 2 нысан бойынша БҚШ-ғы ақша қозғалысы туралы есепте есепті кезеңдегі ақша түсімдері мен шығындары көрсетіле отырып, ақшаның жыл басындағы және есепті кезеннің соңындағы қалдықтары көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2017 № 350 бұйрығымен

12. Ағымдағы қаржы жылында есепке алу тіркелімінің жазбаларынан табылған қателерді түзету мынадай тәртіпте жүргізіледі:

мемориалдық ордердің өзгеруін талап етпейтін балансты ұсыну сәтіне дейінгі осы есепті кезең үшін табылған қате сызылған, жазуларды оқуға мүмкіндік беретіндей етіп, сызылғанның үстіндегі жана дұрыс сомаларды және мәтінді жазу арқылы дұрыс емес сомаларды және мәтінді жіңішке сызықпен сызу жолымен түзетіледі. Әрбір түзету, түзетілген күні көрсетіле отырып, жауапты тұлғалардың қолдарымен расталады;

мемориалдық ордерде кеткен қатенің нәтижесінде балансты ұсыну сәтіне дейін табылған қате жазба, қосымша мемориалдық ордермен түзетіледі. Осылайша қателер баланс ұсынылған есепті кезеңге арналған есепке алу жазбаларында анықталған айда түзетіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

13. Есепті жылдың аяқталуы бойынша есепке алу тіркелімдерінде баланс жасаудың алдында қосалқы шоттар бойынша айналымдардың қорытындылары саналады және салыстырылады.

4-тарау. Бастапқы құжаттарды, есептік тіркелімдерді және бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептерді сақтау

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Әрбір есепті ай аяқталған соң барлық мемориалдық ордерлер оған қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіпте брошюрланады. Құжаттар беттерінің саны аз болған жағдайда үш айдағы құжатты бір брошюрлауға жол беріледі.

Мұқаба сыртында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы, папканың (істің) атауы мен реттік нөмірі, есепті кезең - жылы мен айы, мемориалдық ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері, істегі парақ саны көрсетіледі.

15. Бастапқы құжаттардың, есепке алу тіркелімдерінің, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептердің сақталуын, оларды мұрағатқа ресімдеу және берілуін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы қамтамасыз етеді.

Ағымдағы қаржы жылына арналған құжаттар мен тіркелімдер өткен жылғы құжаттардан бөлек сақталуы тиіс.

Бастапқы құжаттарды, қағаз және электронды тасымалдағыштардағы тіркелімдерді, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептерді, есепке алу деректерін

электронды өңдеу бағдарламалары, олардың есептеулерін, басқа да құжаттарды сақтау, сонымен қатар оларды мұрағатқа өткізу Қазақстан Республикасының "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте іске асырылады.

5-тарау. Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджетті атқару жөніндегі операцияларды есепке алу үшін осы Қағидалардың 24-қосымшасына сәйкес шоттар жоспары қолданылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

17. Республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару операциялары жөніндегі шоттар корреспонденциясы осы Қағидалардың 25, 26-қосымшаларындақарастырылған.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

6-тарау. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. "Ақшалай қаражаттар" 1 шотында ұлттық және шетел валютасындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Шот 1 мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

100 "Бірыңғай қазынашылық шот";

110 "Есеп айырысудағы ақшалар";

120 "Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар"

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

19. 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шотында аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін Ұлттық Банкте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұлттық валютада ашылған бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы жөніндегі операциялар есепке алынады.

БҚШ ақша түскен кезде 600 қосалқы шоттың дебеті және 100 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

БҚШ ақшаларды есептен шығару 100 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

20. 110 "Есеп айырысудағы ақшалар" қосалқы шотында БҚШ ұлттық валютадағы жетіспеушілік ақша сомалары есепке алынады.

БҚШ анықталған жетіспеушілік ақша сомалары 100 қосалқы шоттың дебеті және 110 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

БҚШ жетіспеушілік ақша сомаларын өтеу 110 қосалқы шоттың дебеті және 100 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

21. 120 "Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар" қосалқы шотында Ұлттық банкте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған корреспонденттік шоттардағы шетел валютасындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Есепке алуда шетел валютасының түсімдері және жұмсалуды жөніндегі операцияларды көрсету Ұлттық банктің үзінді-көшірмесі негізінде жүргізіледі.

Шетел валютасы корреспонденттік шотқа түскен кезде 400, 410, 420, 430, 440 қосалқы шоттарының дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Корреспонденттік шоттан шетел валютасын аудару 120 қосалқы шоттың дебеті және 400, 410, 420, 430, 440 қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

22. 2 "ҚР ҰБ орналастырылған қаражаттар" шотында Ұлттық Банкте салымдарға (депозиттерге) орналастырылған республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшалары есепке алынады.

2 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

210 "БҚШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)";

220 "ЖБ ҚБШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)".

23. 210 "БҚШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Ұлттық Банктегі салымдарға (депозиттерге) орналастырған уақытша бос бюджет ақшалары есепке алынады.

БҚШ Ұлттық Банктегі салымдарға (депозиттерге) ақшаны орналастыру 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шоттың дебеті және 210 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

24. 220 "ЖБ ҚБШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Ұлттық Банктегі салымдарға (депозиттерге) орналастырған жергілікті бюджеттің уақытша бос бюджет ақшалары есепке алынады.

ЖБ ҚБШ Ұлттық банктегі салымдарға (депозиттерге) БҚШ қаражаттарды есепке алу 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шоттың дебеті және 220 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

25. 3 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар" шотында ұлттық валютадағы республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) және жергілікті бюджеттер ҚБШ, сыртқы қарыздар бойынша шоттарда, ақылы қызметтердің қайырымдылық көмек, ақшаларды уақытша орналастыру, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарында, Арнаулы мемлекеттік қор шоты, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты, нысаналы қаржыландыру, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ, анықтағанға дейінгі сомалар шотында, Еуразиялық экономикалық одақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарында, мемлекеттік сатып алу шоттарында, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотында, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотында, сондай-ақ Ұлттық банктегі салымдарға (депозиттерге) жергілікті бюджеттердің тартылған ақшалары есепке алынады.

3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

300 "РБ ҚБШ";

301 "ЖБ ҚБШ";

302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";

303 "Еуразиялық экономикалық одақтың шоты";

304 "РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

305 "ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ";

308 "Мемлекеттік сатып алу шоты";

310 "РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

311 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

320 "РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

321 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

- 330 "РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";
331 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";
340 "Ұлттық қордың ҚБШ";
350 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ";
360 "Соманы анықтауға дейінгі шот";
370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ";
371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты";
372 "Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты";
;
373 "Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты";
374 "Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты";
375 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ";
376 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты";
377 "Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты";
378 "Арнаулы мемлекеттік қор шоты";
379 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты";
380 "ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот";
381 "Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шоты";
390 "Түсімдердің жинақтау шоты".

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. "РБ ҚБШ" 300 қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған РБ ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

300 РБ ҚБШ бөлінбеген түсімдер сомасы қосалқы шотының дебеті және 360 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

РБ ҚБШ кассалық шығыстарын қалпына келтіру 300 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

РБ ҚБШ жүргізілген шығыстар 500 дебеті және 300 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

300 РБ ҚБШ-да түсімдер қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

27. 301 "ЖБ ҚБШ" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған ЖБ ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

ЖБ ҚБШ түсімдері 301 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Артық (қате) төленген бюджетке төленетін түсімдер сомасын қайтару 600 қосалқы шоттың дебеті және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ ҚБШ кассалық шығыстарын қалпына келтіру 301 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ ҚБШ жүргізілетін шығыстар 500 дебеті және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

27-1. 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотта сыртқы қарыздар бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта ақшалар түсімі 302 қосалқы шоттың дебеті және 610 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта қарыздар қаражатын жұмсау 510 қосалқы шоттың дебеті және 302 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

27-2. 303 "Еуразиялық экономикалық одақтың шоты" қосалқы шотта Еуразиялық экономикалық одақтың шоты бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Еуразиялық экономикалық одақтың шотында ақшалар түсімі 303 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Еуразиялық экономикалық одақтың шотында қаражаттын жұмсауы 500 қосалқы шоттың дебеті және 303 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.28 № 668 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 277 бұйрықтарымен.

27-3. 304 "РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты" қосалқы шотта республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотында ақшалар түсімі 304 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотында қаражаттын жұмсауы 500 қосалқы шоттың дебеті және 304 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.12.10 № 539 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

27-4. 305 "ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты" қосалқы шотта жергілікті бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотында ақшалар түсімі 305 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотында қаражаттың жұмсауы 500 қосалқы шоттың дебеті және 305 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.12.10 № 539 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

27-5. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-6. "307 "Сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарызы немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

Сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ ақша түсімдері 307 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ ақшасының жұмсалуды 500 қосалқы шотының дебеті мен 307 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

27-7. 308 "Мемлекеттік сатып алу шоты" қосалқы шотта Мемлекеттік сатып алу шоты бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Мемлекеттік сатып алу шотында ақшалар түсімі 308 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алу шотында қаражаттың жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 308 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Қағида 27-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2017 № 350 бұйрығымен.

27-8. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-9. 372 "Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты" қосалқы шотында операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шотына ақшаның түсуі 372-қосалқы шоттың дебеті және 600-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шотынан ақшаны жұмсау 500 қосалқы шоттың дебеті және 372 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-9-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-10. 373 "Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты" қосалқы шотында мемлекет кепілдік берген қарыз шотындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шотына ақша түсімі 373 қосалқы шоттың дебеті және 621 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шотынан ақшаны жұмсау 521-қосалқы шоттың дебеті және 373-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-10-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-11. 374 "Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты" қосалқы шотында мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотына ақша түсімі 374 қосалқы шоттың дебеті және 622 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотынан жүргізілген шығыстар 522-қосалқы шоттың дебеті және 374-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-11-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-12. 375 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ" қосалқы шотында Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ-дағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ ақша түсімі 375 қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ-нан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 375 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-13. 376 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты" қосалқы шотында білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотындағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына ақша түсімі 376 қосалқы шотының дебеті және 623 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотынан жүргізілген шығыстар 523 қосалқы шотының дебеті және 376 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-13-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-14. 377 "Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты" қосалқы шотында білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның ҚБШ-дағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотына ақша түсімі 377 қосалқы шотының дебеті және 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотынан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 377 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-14-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-15. 378 "Арнаулы мемлекеттік қор шоты" қосалқы шотында Арнаулы мемлекеттік қор шотындағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Арнаулы мемлекеттік қор шотына ақша түсімі 378 қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Арнаулы мемлекеттік қор шотынан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 378 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 27-15-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-16. 379 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты" қосалқы шотында Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотындағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына ақша түсімі 379 қосалқы шотының дебеті және 624 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотынан жүргізілген шығыстар 524 қосалқы шотының дебеті және 379 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 27-16-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-17. 381 "Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шоты" қосалқы шотында Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шотындағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шотына ақша түсімі 381 қосалқы шотының дебеті және 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шотынан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 381 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 27-17-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. 310 "РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ" қосалқы шотта мемлекеттік мекемелердің тауарларын (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден және республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған олардың есебінен ақылы қызмет ҚБШ шығыстарын жүргізуден түскен ақша қозғалыстары есепке алынады.

РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ ақшалар түсімі 310 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ ақшаларды жұмсау 500 дебеті және 310 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

29. 311 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің тауарларын (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған олардың есебінен ақылы қызмет ҚБШ шығыстарын жүргізуден түскен ақша қозғалыстары есепке алынады

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ ақшалар түсімі 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ ақшаларды жұмсау 501 қосалқы шоттың дебеті және 311 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.12.10 № 539 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)

Бұйрығымен.

30. 320 "РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған қайырымдылық көмектің ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ ақшалар түсімі 320 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ ақшалардың жұмсалуды 500 қосалқы шотының дебеті және 320 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

31. 321 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ" қосалқы шотында жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған қайырымдылық көмектің ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ ақшалар түсімі 321 қосалқы шотының дебеті және 602 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ ақшалардың жұмсалуды 502 қосалқы шотының дебеті мен 321 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

32. 330 "РБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ ақшалар түсімі 330 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ ақшаларды жұмсау 500 қосалқы шоттың дебеті және 330 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

33. 331 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотында жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ ақшалар түсімі 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ ақшаларды жұмсау 503 қосалқы шоттың дебеті және 331 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.12.10 № 539 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

34. 340 "Ұлттық қордың ҚБШ" қосалқы шотында Ұлттық қордың ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

Ұлттық қордың ҚБШ түсімдері 340 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ұлттық қордың ҚБШ жүргізілген түсімдер сомаларын аудару 500 дебеті және 340 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

35. 350 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған нысаналы қаржыландыру ҚБШ ақша қозғалысы есепке алынады.

Нысаналы қаржыландыру ҚБШ ақшалар түсімі 350 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Нысаналы қаржыландыру ҚБШ қаражаттарды жұмсау 500 қосалқы шоттың дебеті және 350 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

36. 360 "Анықтауға дейінгі сомалар шоты" қосалқы шотында анықталмаған және бөлінбеген түсімдер шотындағы ұлттық валютадағы ақшалар есепке алынады.

Танылмаған және бөлінбеген шоттан түсімдерді ҚБШ арасында қайтару 300, 301, 340, 310, 311, 320, 321, 330, 331 қосалқы шоттарының дебеті және 360 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

36-1. 370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ" қосалқы шотында Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-дағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ ақша түсімі 370 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-нан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шоттың дебеті және 370 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 5-тарау 36-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 13.04.2018 № 463 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36-2. 371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты" қосалқы шотында Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша түсімі 371 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотынан аудару 390 дебеті және 371 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 36-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.28 № 668 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

38. 380 "ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шоттар" қосалқы шотында Ұлттық банк салымдарына (депозиттерге) орналастыру үшін тартылған жергілікті бюджеттердің уақытша бос ақшалары ақшалары есепке алынады.

транзиттік шотқа ЖБ уақытша бос бюджеттік ақшаларды тарту 380 қосалқы шоттың дебеті бойынша және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

ЖБ тартылған уақытша бос бюджеттік ақшаларды Ұлттық банктегі депозитке аудару 520 қосалқы шоттың дебеті және 380 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

39. 390 "Түсімдердің жинақтау шоты" қосалқы шоты түсімдерді тиісті бюджеттердің ҚБШ жинақтап, оларды кейіннен бөлу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын транзиттік шот. Түсімдердің жинақтау шотынан республикалық, жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор арасындағы есептелген соманы күн сайын толық бөлу, артық (қате) төленген бюджетке төленетін түсімдер сомасын қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары (әрі қарай – БСК) арасында немесе аумақтық салық қызметі органдарының арасындағы артық (қате) төленген соманы есепке алу жүзеге асырылады.

Түсімдердің жинақтау шоттарында қаражаттарды есепке алу 390 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Түскен сомаларды бөлу 300, 301, 303, 340, 360 қосалқы шоттарының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетке артық (қате) түскен сомаларды бюджеттен қайтару, оның ішінде Ұлттық қордан тартылған кепілдендірілген трансферт бөлігінде бір жыл ішінде республикалық бюджеттен Ұлттық қорға қайтару 390 қосалқы шотының дебеті мен 300 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

40. 4 "Шетел валютасындағы шоттар" шотында валюта түрлері бойынша шетел валютасындағы шоттардағы ақшалар қозғалысы есепке алынады.

4-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

400 "Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты";

410 "Аумақтық қазынашылық органдарының шоты";

420 "ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты";

430 "Шетел валютасындағы басқа шоттар";

440 "Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

41. 400 "Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты" қосалқы шотында жеке негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасы есепке алынады.

Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шотына шетел валютасының түсімдері 400 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шотынан шетел валютасын жұмсау (қайта айырбастау) 120 қосалқы шоттың дебеті және 400 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 400 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 400 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

42. 410 "Аумақтық қазынашылық органдарының шоты" қосалқы шотында мемлекеттік органдардың лауазымдық тұлғаларының шетелге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарын өтеу ретінде шетел валютасындағы қолма-қол ақша түрінде беруге арналған, сондай-ақ консулдық алымдар түрінде түскен нақты шетел валютасындағы қолма-қол ақша шоттарындағы шетел валютасы есепке алынады.

Аумақтық қазынашылық органдарының шотына шетел валютасындағы түсімдер айырбастаудан кейін 410 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасының жұмсалуды 120 қосалқы шотының дебеті мен 410 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Оң бағамдық айырма 410 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Теріс бағамдық айырма 120 қосалқы шотының дебеті мен 410 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

43. 420 "ЕАЭҚ туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты" қосалқы шотында ЕАЭҚ туралы шартқа қатысушы елдерден түскен және қайта айырбастауға және мемлекеттік бюджеттің кірісіне есепке жатқызуға жататын шетел валютасы есепке алынады.

ЕАЭҚ туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шотына шетел валютасының түсімдері 420 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасының жұмсалуды (қайта айырбастау) 120 қосалқы шотының дебеті мен 420 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Оң бағамдық айырма 420 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Теріс бағамдық айырма 120 қосалқы шотының дебеті мен 420 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

44. 430 "Шетел валютасы бойынша басқа шоттар" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің шотындағы шетел валютасындағы анықталуға жататын сомалар, қайта айырбастауға және бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебіне жататын шетел валютасының түсімдері, сонымен қатар бюджетке артық (қате) төленген сомаларды қайтаруға арналған шетел валютасы есепке алынады

Шетел валютасы бойынша басқа шоттарына шетел валютасының түсімдері (соның ішінде қайта айырбастау) 430 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасын жұмсау қайта айырбастау және аударымдардан кейін 120 қосалқы шоттың дебеті және 430 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 430 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 430 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

44-1. 440 "Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты" қосалқы шотында үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар туралы келісімдер шеңберінде түскен шетел валютасы есепке алынады.

Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шотына шетел валютасының түсімдері 440 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Қайта айырбасталғаннан кейін және аударылғаннан кейін Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шотынан шетел валютасының жұмсалуды 120 қосалқы шотының дебеті мен 440 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Оң бағамдық айырма 440 қосалқы шотының дебеті мен 120 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Теріс бағамдық айырма 120 қосалқы шотының дебеті мен 440 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

45. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

46. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

47. 5 "Есеп айырысулар" шотында ақшалардың жұмсалуды бойынша операциялар, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін тартылған жергілікті бюджеттердің қаражаттарын орналастыру бойынша есеп айырысулар, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар, ішкі есеп айырысулар есепке алынады.

5-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

500 "Шығыстарды жүргізу";

501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

502 "ЖБ қайырымдылық көмегінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

503 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу";

521 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу";

522 "Қызмет көрсету, мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу".

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Қазынашылық комитеті 500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дан, ақылы қызметтер,

қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарынан, Арнаулы мемлекеттік қор шоты, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-нан, Еуразиялық экономикалық одағының шотынан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотынан, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарынан және мемлекеттік сатып алу шоттарынан жүргізілген шығыстарды есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасына әр күнге 500 қосалқы шотының дебеті және 300, 301, 303, 304, 305, 307, 308, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 340, 350, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379 және 381 қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ қалпына келтіру 300, 301 қосалқы шоттарының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

БҚШ бойынша жүргізілген шығыстар 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шотының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48-1. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары:

500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында – жергілікті бюджеттің ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарына және мемлекеттік сатып алу шоттары бойынша шығыстары;

501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

502 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

503 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 501 қосалқы шотының дебеті мен 311 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ кассалық шығыстарды қалпына келтіру 311 қосалқы шотының дебеті мен 501 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Ереже 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

48-2. 502 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-ғы шығыстар есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 502 қосалқы шотының дебеті мен 321 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ кассалық шығыстарды қалпына келтіру 321 қосалқы шотының дебеті мен 502 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Ереже 48-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрықтарымен.

48-3. 503 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ-ғы шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 503 қосалқы шоттың дебеті және 331 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды ақшаларын уақытша орналастыру ЖБ ҚБШ қалпына келтіру 331 қосалқы шоттың дебеті және 503 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Ереже 48-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

48-4. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. 510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шоттағы шығыстар есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген шығыстар 510 қосалқы шоттың дебеті және 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

50. 520 "ЖБ қаражаттарын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотында Ұлттық Банктегі салымдарға (депозиттерге) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган орналастырған жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшалары есепке алынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру 520 қосалқы шоттың дебеті және 380 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ақшаны ішінара немесе толық қайтару кезінде 301 қосалқы шоттың дебеті және 520 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

51. 530 "ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіпте өтеуге жататын ақша қаражаттарының жетіспейтін, ұрланған сомаларды есепке алады.

530 қосалқы шоттың дебетіне ҚБШ айқындалған жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомасы жатады, бұл ретте 301, 311, 321, 331 қосалқы шоттары кредиттеледі.

301, 311, 321, 331 қосалқы шоттың дебетіне келтірілген залалды өтеуге ҚБШ түскен сомалар жазылады, бұл ретте 530 қосалқы шоты кредиттеледі.

52. 540 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысаны деректерінің түсімдер мен шығыстар жөніндегі есептілік нысандарымен сәйкес емес сомаларын есепке алады.

Түсімдер бойынша есептілік нысандармен алшақтық сомасына 600 қосалқы шоттың дебеті және 540 қосалқы шоттың кредиті бойынша, ал шығыстар бойынша - 540 қосалқы шоттың дебеті және алшақтық сомаларын көрсете отырып, оның туындау себептері туралы аумақтық қазынашылық органдар берген жазбаша ақпарат негізінде 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар аумақтық қазынашылық органдарынан бюджетке артық (қате) төленген түсімдер сомасының қайтару сомалары туралы растауды алған кезде 540 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша, ал шығыстар бойынша – 500 қосалқы шотының дебеті мен 540 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізеді.

540 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша сальдо шығарылмайды. Бас-журнал кітабында және дебет бойынша осы қосалқы шот бойынша

балансында - шығыстар бойынша алшақтық сомасы, кредит бойынша – түсімдер бойынша алшақтық сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

52-1. 6 "Түсімдер" шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы, Арнаулы мемлекеттік қор шотындағы, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотындағы, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер бойынша операциялар есепке алынады.

6 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 "Түсімдерді есепке алу";

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

621 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

622 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу";

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу";

624 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына түсімдерді есепке алу".

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында Қазынашылық комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, ақылы қызметтер қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қор шотындағы, тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының арнаулы шотындағы, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға

дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы және білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы түсімдер есепке алынады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шотының дебеті және 100 " Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ-на және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдерді;

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу" есепке алады;

624 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына түсімдерді есепке алу".

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 321 қосалқы шоттың дебеті және 602 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдер ескеріледі.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шотқа түсімдер есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотының дебеті және 610 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдер есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына ақша түсімі 376 қосалқы шотының дебеті және 623 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

624 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына түсімдер есепке алынады.

Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына ақша түсімі 379 қосалқы шотының дебеті және 624 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ескерту. Ереже 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

53. 9 "Нәтижелер" шотында жергілікті бюджеттердің, сыртқы қарыздар бойынша, ЖБ ақылы қызметтері бойынша, ЖБ қайырымдылық көмек бойынша, ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша, жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі, тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты бойынша атқарылу нәтижелері есепке алынады.

9 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

900 "Бюджеттің атқарылу нәтижесі";

910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі";

911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижесі";

921 "ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі";

931 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі";

953 "Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі";

954 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты бойынша атқарылу нәтижесі".

Жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтауға 900 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі.

Нәтижелері жылдың аяғында 600 қосалқы шоты бойынша қалдықты 900 қосалқы шоттың кредитіне, ал 500 қосалқы шоты бойынша қалдығы 900 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 900 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 600 және 500 қосалқы шоттары жабылады.

900 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Бюджет кодексінің 104-бабына сәйкес жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары 900 қосалқы шотта қалады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-1. Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға 910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 610 қосалқы шоты бойынша қалдықты 910 қосалқы шоттың кредитіне, ал 510 қосалқы шоты бойынша қалдықты 910 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Сыртқы қарыздар бойынша түсімдері мен шығыстары 910 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 610 және 510 қосалқы шоттары жабылады.

910 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. Ереже 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

53-2. ЖБ ақылы қызметтерінің атқарылу нәтижелерін анықтауға 911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 601 қосалқы шоты бойынша қалдықты 911 қосалқы шоттың кредитіне, ал 501 қосалқы шоты бойынша қалдықты 911 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

ЖБ ақылы қызметтері бойынша түсімдері мен шығыстары 911 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 601 және 501 қосалқы шоттары жабылады.

911 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ ақылы қызметтерінің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. Ереже 53-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

53-3. 921 "ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты ЖБ қайырымдылық көмектің атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі.

Нәтижелері жылдың аяғында 602 қосалқы шоты бойынша қалдықты 921 қосалқы шотының кредитіне, ал 502 қосалқы шоты бойынша қалдықты 921 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы айқындалады.

ЖБ қайырымдылық көмек бойынша түсімдері мен шығыстары 921 қосалқы шотына есептен шығарылғаннан кейін 602 және 502 қосалқы шоттары жабылады.

921 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ қайырымдылық көмектің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. Ереже 53-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрықтарымен.

53-4. ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға 931 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 603 қосалқы шоты бойынша қалдықты 931 қосалқы шоттың кредитіне, ал 503 қосалқы шоты бойынша қалдықты 931 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша түсімдері мен шығыстары 931 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 603 және 503 қосалқы шоттары жабылады.

931 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. Ереже 53-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

53-5. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-6. 951 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 621 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының кредитіне, ал 521 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдер мен шығыстарды 951 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 621 және 521 қосалқы шоттар жабылады.

951 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 53-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-7. 952 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 622 қосалқы шоты бойынша қалдықты 952 қосалқы шотының кредитіне, ал 522 қосалқы шоты бойынша қалдықты 952 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдер мен шығыстарды 952 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 622 және 522 қосалқы шоттар жабылады.

952 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 53-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 25.02.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-8. 953 "Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған.

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 623 қосалқы шоты бойынша қалдықты 953 қосалқы шотының кредитіне, ал 523 қосалқы шоты бойынша қалдықты 953 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі түсімдер мен шығыстарды 953 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 623 және 523 қосалқы шоттар жабылады.

953 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 53-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.03.2023 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-9. Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға 954 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 624 қосалқы шоты бойынша қалдықты 954 қосалқы шоттың кредитіне, ал 524 қосалқы шоты бойынша қалдығы 954 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 954 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 624 және 524 қосалқы шоттары жабылады.

954 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шоты бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Ескерту. Қағидалар 53-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Баланстан тысқары қосалқы шоттарда есепке алу қос жазба тәсілін сақтамай қарапайым жүйе бойынша жүргізіледі және дебет қалдығы ғана болады.

55. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

56. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

57. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

58. 013 "Бюджеттік кредиттер" баланстан тысқары шотында республикалық бюджеттен берілген және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерінен алынған бюджеттік кредиттер, сондай-ақ аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалардың) облыстық бюджеттер берген бюджеттік кредиттер есепке алынады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.09.2018 № 848 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. 014 "Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі" баланстан тысқары шотында республикалық және жергілікті бюджеттерден бұрын берілген кредиттер бойынша субъектілердің берешегін есепке алу жүргізіледі.

60. 015 "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша қарыздар" баланстан тысқары шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік сыртқы және ішкі борышты, мемлекет кепілдік берген сыртқы және ішкі борыш сомаларын, мемлекеттің сыртқы және ішкі кепілгерлері бойынша қарыздар сомасын есепке алуды жүргізеді.

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

61. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрықтарымен.

62. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.20 № 472 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

63. 018 "Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілікті атқарушы органдардың резерві" баланстан тысқары шотында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілікті атқарушы органдардың резервінің жұмсалуды жөніндегі деректерді есепке алуды жүргізеді. Жоспарлы тағайындаулардың ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанын қоса алғанда түгел пайдаланылмаған қалдықтары жойылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.28 № 668 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

64. 024 "Аккредитивтер" баланстан тысқары шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шарт сомасының шегінде шетел валютасында ашылған аккредитивті есепке алуды жүргізеді.

65. Бюджеттік есепке алуды жүргізуді халық саны екі мың адамнан асатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары осы Қағидаларға сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, халық саны екі мың және одан аз адам болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырады.

Ескерту. 65-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 277 бұйрығымен.

нысан

(уәкілетті органның атауы)

Бас-журнал кітабы

20__жылғы " __ " _____

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Күні _____ ж.

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

Күні	Мемориалдық ордер №	Айналым сомасы	Қосалқы шот		Қосалқы шот		Қосалқы шот		Қосалқы шот		Қосалқы шот		Қосалқы шот	
			Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
Жыл басындағы қалдық														
Жыл басынан бастап айналымдар жиыны														
Айдың басындағы қалдық														
Бір айдағы айналымдар жиыны														
Айдың соңындағы қалдық														

Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

нысан

(уәкілетті органның атауы)

20__жылғы " __ " _____

Бірыңғай қазынашылық шоты бойынша

мемориалдық ордер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

Кіріс қалдығы 20 ____ жылғы " ____ "

№ р/р	Операциялар мазмұны	Қосалқы шоттар нөмірі		Сомасы
		дебет	кредит	
	Айналымдар жиыны			
	Бір күндегі сальдо			
	Шығыс қалдығы			

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның

бюджеттік есепке алу бойынша құрылымдық

бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

нысан

(уәкілетті органның атауы)

Мемориалдық ордер

20 ____ жылғы " ____ "

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Бюджет түрі:

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

Кіріс қалдығы

№ р/р	Операциялар мазмұны	Қосалқы шоттар нөмірі		Сомасы
		дебет	кредит	

Айналымдар жиыны

Бір күндік сальдо

Шығыс қалдығы

Қосымшасы ____ парақ

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның

бюджеттік есепке алу бойынша құрылымдық

бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
4-қосымша

Қолма-қол ақшаны бақылау шоттардың толық жазылуы 20__ жылғы " __ " _____

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(уәкілетті органның атауы)

Бюджет түрі:

Өлшем бірлігі: мың теңге

Операция мазмұны	ҚБШ				ҚБШ			
	Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге		Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге	
	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит

Жылдың басындағы қаражаттар қалдығы

Есепті күндегі қаражаттар қалдығы

ҚБШ				шоты			
Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге		Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге	
дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит

Жылдың басындағы қаражаттар қалдығы

Есепті күндегі қаражаттар қалдығы

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

Бюджеттік есепке алуды
жүргізу ережесіне
5-қосымша

нысан

(уәкілетті органның атауы)

Бірыңғай қазынашылық шоттан салымдарға (депозиттерге)

орналастырылған сомалардың толық жазылуы

20__ жылғы " __ " _____

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.12.2015 № 738 бұйрығымен.

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

Жыл басынан бастап	оның ішінде ағымдағы күндегі

дебет	кредит	дебет	кредит

Жыл басындағы қаражаттар қалдығы
Есепті күндегі қаражаттар қалдығы

Бюджеттік есепке алуды
жүргізу ережесіне
6-қосымша

нысан

(уәкілетті органның атауы)

**Жергілікті бюджеттерден депозиттерге орналастырылған
сомалардың толық жазылуы**

20__жылғы " __ " _____

